

Әлихан Бөкейхановтың туғанына 160 жыл толуына орай өтетін
«Әлихан Бөкейханов: Алаш мұраты және жаңа Қазақстан»
тақырыбындағы республикалық ғылыми конференцияның
АҚПАРАТТЫҚ ХАТЫ

Құрметті әріптестер!

Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен 2026 жылдың 27 наурыз күні көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, әдебиеттанушы, аудармашы әрі дарынды публицист Әлихан Бөкейхановтың туғанына 160 жыл толуына орай «**Әлихан Бөкейханов: Алаш мұраты және жаңа Қазақстан**» тақырыбында республикалық ғылыми конференциясы өтетіндігін хабарлайды.

Қатысушылар: Қазақстан Республикасының жетекші ғалымдары, қоғам қайраткерлері, Алаштанушылар, мәдениет салаларының мамандары, тарихшылар, ЖОО профессор-оқытушылар құрамы мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылары, тілшілер, білім беру ұйымдарының педагогтері мен оқушылары және ата-аналар.

Конференцияның мақсаты: Көрнекті мемлекет әрі қоғам қайраткері, «Алаш» қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың тарихи тұлғасы мен артына қалдырған мұрасының ұрпақтар сабақтастығындағы рөлін насихаттау, Алаш қайраткерлерінің саяси-әлеуметтік және ғылыми мұраларын зерделеу.

Міндеттері:

- Әлихан Бөкейхановтың ұлттық мемлекет қалыптастырудағы рөлін талдау;
- Ғалым, публицист, қоғам қайраткері ретіндегі еңбектерін ғылыми тұрғыда зерделеу;
- Алаш қозғалысының тарихи маңызын жас ұрпақ санасына сіңіру;
- Халықаралық ғылыми байланыстарды нығайту;
- ЖОО-дары мен жалпы орта білім беру мекемелері мен кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы кәсіби қауымдастықты ізгілендіру.

Конференцияның негізгі бағыттары:

- **Әлихан Бөкейханов және Алаш идеясы**

Алаш қозғалысы, ұлттық мемлекет құру мұраты.

- **Әлихан Бөкейхановтың саяси-қоғамдық қызметі**

Мемлекет және қоғам қайраткері ретіндегі рөлі.

- **Әлихан Бөкейхановтың ғылыми және әдеби мұрасы**

Ғалым, әдебиеттанушы ретіндегі еңбектері.

- **Әлихан Бөкейхановтың публицистикалық қызметі**

Ұлттық баспасөздегі ағартушылық көзқарастары.

- **Алаш мұрасы және жаңа Қазақстан**

Алаш идеяларының Тәуелсіз Қазақстан дамуының негізімен үндестігі

Конференция мақаласы: қазақ, орыс, ағылшын тілінде қабылданады.

Ғылыми конференцияның қорытындысы ретінде ғалымдар, жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының оқытушылары сонымен қатар жалпы орта білім беру ұйымдары педагогтерінің баяндамалары мен ғылыми мақалаларынан электронды жинақ шығарылады. Конференция материалдары мақалалар жинағында электронды нұсқада (pdf форматта) таратылады.

Авторларға арналған ережелер:

Мақаланы жариялау шарттары:

Ғылыми зерттеулердің тұтастығын қамтамасыз ету үшін авторлар ғылыми жарияланымдардың халықаралық стандарттарын ұстануы қажет.

Жасанды интеллект көмегімен жасалған дайын мәтіндерді пайдалануға қатаң түрде тыйым салынады.

Редакциялық алқа рәсімдеу талаптарына сәйкес келмейтін мақалаларды қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

Мақалалар рецензияланбайды, ұсынылған мақалалардың мазмұны мен заңсыз көшірілгені үшін (плагиат) авторлар жауап береді.

Конференцияға қатысу тегін, (PDF) форматындағы конференция мақалаларының электрондық жинағы мен арнайы Шымкент қаласы білім басқармасы «Әдістемелік орталығы» КММ-сінің сертификаты беріледі. Мақалалар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қабылданады.

Ғылыми мақаланың құрылымы:

Мақаланың атауы (бас әріптер, қалың қаріп, үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын);

- Автордың аты-жөні және тегі (қалың қаріп);

Қызмет орны, лауазымы (толық жазылуы қажет)

Аңдатпа (50-60 сөз, курсив, қаріп өлшемі – 12);

Кілтті сөздер (4-5 сөз);

Негізгі бөлім;

Қорытынды;

Әдебиеттер тізімі.

Мақаланың көлемі (атауын, авторлар туралы мәліметтерді, аннотацияны (аңдатпа), түйінді сөздерді, библиографиялық тізімді есепке алмағанда) - 3-5 бет.

Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Пішімі – Microsoft Office Words (.docx, .doc);

Қаріп – Times New Roman

Негізгі мәтіннің қаріп өлшемі – 14, қаріп түсі - қара;

Өрістер: сол – 30 мм, оң – 15 мм, жоғарғы – 20 мм, төменгі – 20 мм;

Мәтінді парақтың еніне туралау керек;

Абзац шегінісі – 1,0;

Жоларалық интервалы – 1,0;

Абзацтар арасында қосымша жоларалық бос орындар мен аралықтар болуға жол берілмейді;

Теру кезінде стильдерді қолдануға жол берілмейді және бағандар орнатылмайды;

Ескертулерді өрістерге шығаруға жол берілмейді;

Мәтінді ішінен негізгі сөзді (ойды) белгілеу – курсив, қалың қаріп

Мақалаларды қабылдау үшін жауапты мамандар:

Туреханова Ақтолқын Төлегенқызы +7 707 900 3502, Сарбаев Қанат
Нышанбайұлы +7 776 841 91 29

Конференцияға қатысу үшін мақалаларды электронды нұсқада 2026 жылдың
16 наурызына дейін ұйымдастыру алқасының kanat-saribaev@mail.ru
электронды поштасына жолдау қажет

Конференцияның өту форматы: оффлайн/онлайн

Ұйымдастырушы: Шымкент қаласы білім басқармасы, «Әдістемелік
орталығы» КММ және «А.Бөкейханов атындағы №2 жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ.

Конференцияның басталуы: 27.03.2026ж. сағат 10.00-де.

Конференцияға қатысушыларды тіркеу: 08.30-09.30.

Конференцияның өтетін орны: Шымкент қаласы, Түркістан көшесі
№1 «Жастар ресурстық орталығы» КММ.

ҚАТЫСУШЫНЫҢ ӨТІНІМІН РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ

Конференцияның бағыты: _____
Мақаланың тақырыбы: _____
Автордың Т.А.Ә.: _____
Қызмет орны, лауазымы: _____
Байланыс телефон нөмері: _____
E-mail: _____